

631
Т29

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени С.СЕРФУЛЛИНА



**ТЫҢНЫҢ 50-ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕН
СТУДЕНТТЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРЕТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
БАЯНДАМАЛАРЫНЫҢ
ТЕЗИСТЕРІ**



**ТЕЗИСЫ
ДОКЛАДОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ
УЧЕНЫХ И СТУДЕНТОВ,
ПОСВЯЩЕННОЙ
50-ЛЕТИЮ ЦЕЛИНЫ**



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘҢГІМЕЛЕРІ

*Мәлікова Г.Қ., студент,
Павлодар МУ*

Балалар әңгімелерін сөз етпес бұрын, алдымен сол әңгіменің жанрлық сипатын, зерттеулерін, жалпы табиғатын анықтап алғанымыз дұрыс болар. “Әңгіме бұл – қысқа новелладан гөрі сюжет арқауы қиындау құрылатын, өмір құбылыстарын ықшамдап түйгенімен, оған терең мағыналы идея сыйғызып, болмысты сатылап дамытатын өте елгезек, икемді форма. Негізгі мақсаты – бір ғана мәсе-

ленің, бірер ғана кейіпкердің төңірегіне бағыңқы болуы. Әңгіменің өзіне тән басты қиыншылығы сол, ол қашан да қиыннан қиыстырып, қысқа жазылады", — дейді Ә. Әзиев.

Әңгіменің балалардың сүйікті жанры болуының басты себебі де осы қасиетінде болар.

Қай кезде де елдің өмірі — әдебиеттің арқауы. Әлем әдебиетіндегі тәжірибені алып қарасақ, әрбір жазушы өз тұсындағы өзекті мәселелерді жазып отырған. 20-жылдары жазушылардың жанын жай таптырмайтын тақырыптардың бірі — қорғансыз, жетім балалардың өмірі болса, 60-жылдары осы тақырыпқа қарама-қарсы — есірген еркелер туралы шығармалар жазыла бастады. Қазақ әдебиетінде қорғансыздардың өмірін М. Әуезов, Қ. Кемеңгеров т.б. әңгімелері арқылы көрсетсе, есірген еркелердің олпы-солпы, ұрыншақ мінездерін С. Бегалин "Ойламаған жүріс", "Сымбатты Сима", "Ұрыншақ", "Бес ба-тыр" т.б. әңгімелері арқылы өшкерелеген.

Жалпы, біз балалар әңгімелерін екі түрлі талап тұрғысын қа-рауымыз керек сияқты. Біріншіден, әңгімедегі оқиғаның шындық өмірге сәйкес келуін қатаң түрде қадағалау, яғни нанымды болуы. Екіншіден, оқушы баланың жас ерекшелігін ескеру, яғни жазылған шығарманың бала ой өрісіне сай болуы.

Бұл туралы Ш. Ахметов былай дейді: "Үш-төрт жастағы баланы нәрсең сырт жағы қызықтырады, көрініс елктіреді. Бала осы сырт көрініс арқылы білімін арттырады. Сондықтан үш-төрт жасар балаға арналған кітап-кіл сурет қана болу керек. Мұндай кітапта жазу болса, өте қысқа бір-екі сөзден артық болмауы керек".